

ҚАЗАҚ-ОРЫС ҚОС ТІЛДІЛІГІ – МӘДЕНИ-РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ

Г. Е. Сапарова, ізденуші

Ғылыми жетекші: М. С. Сәбит, философия ғылымдарының докторы, ҚҰҒА академигі, профессор

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Автор мақалада Қазақстандағы қазақ-орыс қос тілділігін сөз қыла отырып, билингвизмнің мәдени-рухани құндылық ретіндегі қырларын ашып көрсетеді. Билингвизмнің қоғамдағы рөлі мен маңыздылығына тоқталып, оның қоғам қажеттілігінен туындайтындығына және тарихи қалыптасқан процесс екендігіне талдау жасайды. Ел экономикасы мен білім саласындағы қос тілділіктің алатын орыны әсіресе, ел келешегі жастар үшін аса маңызды екендігі мақалада сөз болады.

Автор в статье рассказывает о казахско-русском двуязычии в Казахстане и раскрывает культурно-духовную ценность билингвизма. Рассматривает роль и важность билингвизма в обществе, анализирует его, как необходимость общества и процесс формируемый на основе истории. В статье говорится о важности двуязычия, которое занимает большое место в экономике независимого государства, в области образования и особенно для молодёжи – будущего страны.

The author in the article tells about Kazakh-Russian bilingual situation in Kazakhstan and reveals cultural-spiritual value of bilingualism. He considers the role and necessity of society and process forming on the base of history. The necessity of bilingualism, which takes great place in economy of independent state, in the field of education and especially for the youth - the future of country, is spoken about in the article.

Тіл қашанда адамзаттың асыл қазынасы болып қала бермек. Өйткені тілсіз адамзат қоғамын елестету мүмкін емес. Сан алуан ұлттық мәдениеттер тарихында тілдің орны ерекше. Адамзаттың пайда болуы жөніндегі зерттеулер шындыққа саятын болса, тілдердің пайда болуы туралы нақты ғылыми деректер жоқтың қасы деуге болады. Әрқилы пікірлерден туындайтын қорытындыға сүйенсе, жүйелі сөйлеудің қалыптасуына көптеген уақыт қажет болды. Тілдердің қалыптасу процесі және этностардың бір-біріне әсері мен ықпалы нәтижесінде тілдің дамуы күшейе түсті.

Тек адамзатқа тиесілі асыл қазына тіл – адам ойлауының, руханилығының, мәдениетінің бөлінбес бір бөлшегі. Кез келген жағдайда тілсіз еш қарым-қатынастың орын алуы мүмкін емес. Э. Кассирер өз еңбегінде тілге былай баға береді: «Язык образует фокус духовного бытия, в котором сходятся лучи самого разного происхождения и из которого расходятся импульсы по всем областям духа» [1, 101]. Мұндай ғылыми тұжырым тіл философиясының ХХ ғасырда Батыста дүниеге келгені мен оның Мартин Хайдеггердің «Тіл – болмыстың үйі» еңбегінде зерттелгенін дәлелдей түскендей болады. Әрине, бұл – тіл философиясы Батыста ғана дамыды деген сөз емес. Түбі бір түркі тілдерін барынша кеңінен зерттеген Махмұд Қашқаридың зерттеуін тіл философиясына қатысы жоқ деуге болмас. Еңбек тіл философиясы хақында қазақ философиялық ойының түркілік кезеңінен сипаттама береді. Қазіргі кезде тіл философиясында өзіндік орны бар ғылымның түркітану саласында да зерттеулердің көбейіп жатқанын байқауға болады. Тіл әлемдегі ұғым мен түсініктерден құралатын күрделі процесс. Тілді әлемнің тұтастай көрінісін танытатындығы туралы ғалым Ұ. Р. Ержанова өзіндік пікір айтады: «Дүниенің тілдік көрінісі тіліміздің сөз байлығын, сөзжасамын, метафоралары мен афоризмдері, тіл және менталитет, тіл және қоғам деген мәселелерді шешуде үлкен қызмет атқарады» [2, 12].

Мақалаға негіз болып отырған қазіргі Қазақстан қоғамындағы өзекті мәселелердің бірі – қазақ-орыс қос тілділігі. Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейінгі мемлекеттер тағдырының қалай болғанына тарих куә. Экономикалық-саяси проблемаларды айтпағанның өзінде ұлттар мен олардың рухани, материалдық мәдениеті құлдырау үстінде болғаны ешкімге жасырын емес. Әсіресе, ұлттың ұлттығы мен болмысын көрсететін баға жетпес рухани байлық - тіл жоғалудың аз-

ақ алдында тұрды. Керісінше, ол халықаралық тілдердің қатарына жататын орыс тілінің мерейі үстем болды. КСРО шеңберінде мемлекеттік маңызы зор қызметтерден бастап, ауызекі сөйлеу тіліне дейін кең көлемде қолданылды. Қазақ тілі Кеңес үкіметі кезінде тек жазушылар мен тіл мамандарының жазу және зерттеу тіліне айналып, қазақ ауылдарының қарым-қатынас жасаудағы ауызекі сөйлеу тілі қызметін атқарды. Бұл қазақ тілінің ғана емес, басқа да тілдердің басындағы жағдай болатын. Философия ғылымдарының докторы, ҚР ӨҒА академигі, профессор М. С. Сәбит бұл мәселеге қатысы бар қазақ тілі туралы былай дейді: «...Қазақ тілі, тіпті қазақ халқының өзі өзге мүлдем жойылған не жойылу қаупінде тұрған көптеген халықтар мен олардың тілдері сияқты жойылып кетуді басынан кешірді. ... қазақ тілін, яғни құруға аз қалған тілді тірілтіп қана емес, сонымен бірге оның әрі қарай қарқынды дамуы үшін мемлекеттік қамқорлыққа алу қажет. Мұны түсінбей, еш әрекетсіз қамқорлыққа алу жағдайды өзгертпейді. Мұнайдан түскен қаржылар әрине, маңызды, алайда тіл - біз үшін өлшеусіз қымбат» [3, 7-8]. Әрбір мемлекет пен онда өмір сүретін ұлт үшін тілдің ең біріншіден, рухани маңызы зор.

Соңғы он жылдық ішінде еліміздегі тілдің жағдайы Кеңес үкіметі кезінен бөлек, жаңа қырынан көріне бастады. Мәдениет саласы мен күнделікті қарым-қатынасқа, мемлекеттер арасындағы сыртқы саясаттан бастап ішкі саясатқа да өзіндік әсерін тигізді. Қазақстанда ұзақ уақыттың ішінде ұлттар арасында қалыптасқан этиканың бары рас. Яғни, бұл белгілі бір стандарт: бір тіл – бір мәдениет, екі тіл – екі мәдениет деген сөз. Мәдени билингвизм әсіресе, өз еліндегі қазақтар арасында кездеседі. бұл бірегей жағдай өткен жүз жылдықтың тарихи жағдайында қалыптасқан болатын. Қазақстанның көптеген аймағында орыс тілі қолданылды. Тілдің мемлекетте қалыптасып, өмір сүруі – әлеуметтік стихия, оны түбірімен заң жүзінде жойып жіберуге болмайды. Біздің өмірімізге енген орыс тілі – бұл білім мен ғылым, мәдениет пен өнердің тілі.

Ал қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алмастан бұрын да еліміздегі қоныстанған ұлттар арасындағы қатынас тілі болғанын жоққа шығара алмаймыз. Практика жүзінде айтатын болса, өзге ұлт өкілдері репрессияға ұшырап, Қазақстан жеріне қудаланғанның салдарынан олар қазақ тілді ортаға тап болды. Неміс, кәріс т.б ұлт өкілдері қазақ тілін жетік меңгеріп, қазақ тілінің жоғары көрсеткіштерін көрсетті. Неміс, орыс және қазақ тілдерінде жазатын жазушы Г. Бельгер, тегі кәріс, қазіргі қазақ прозасын орыс тіліне аударатын атақты орыс жазушысы А. Ким сынды тұлғалар үш тілділікті кереметтей меңгерген. Тіпті, қазақ ауылында өскен Г. Бельгер өзін түркі тектес халық ретінде сезінетінін айтады.

Егемендік алған Қазақстанда белгілі бір этноәлеуметтік, этномәдени өзгерістер болды: тәуелсіз мемлекеттегі қазақ ұлтының жаңа бейнесі, миграциялық процестерге жетелейтін қазақтардың этномәдени үлес салмағы қала қазақтарының артуына әсерін тигізетін ішкі ұлттық ағымдар. Мұндай факторлар қазақ мектептерінің және орта, жоғары білім беретін оқу орындарының артуына ықпал етті. Мұны қазақ тілі беделінің өсуі десе болады. Ұлттар арасындағы қатынастың негізгі құралы – қос тілділікті меңгерген тұлға көп ұлттардан құралатын қоғамда өзін үндестікте сезінеді. Әлемде ондаған мемлекеттерде заң түрінде бекітілген және практика жүзінде қолданылатын билингвизм, трилингвизмдер кездеседі. Жалпы билингвизм мәселесін ғылымда екі бағыт бойынша зерттейді: әлеуметтік-лингвистикалық және лингвистикалық. Әлеуметтік-лингвистикалық бағыт негізін ұстанған әлеуметтік-демографиялық жағдайлар мен тіл саясаты билингвизмнің жеке тұлғадағы тілдік көрінісіне, тілді әлемнің құндылығы ретінде бағалауына, бір-бірімен байланысына әсерін тигізеді. Лингвистикалық зерттеу бағыты билингвизмнің тіл мен жеке тұлғаның тіліне әсер ететіндігін байқатады. Билингвизмнің жеке адамда қалыптасуын бақылаған қызықты нәтижелер куттіреді.

Қазіргі таңда Қазақстандағы ғылым кеңістігі мен қоғамдағы билингвизм не үшін қажет? Еліміз тәуелсіздік алса да, осы кезге дейін ол неліктен ұзақ уақыттан бері орын алып келеді? Билингвизм ең алдымен, КСРО-ның үстемдік саясаты негізіндегі тарихи процестен, екіншіден, тарихи процесс қалыптастырған қоғам қажеттілігінен туындаған болатын. Қоғам қажеттілігінен туған билингвизм ұрпақтар сабақтастығының жалғасы боп қала бермек. Өйткені ол – Қазақстан мәдениеті мен экономикасы гүлденуінің бірден бір кепілі. Еліміздегі қос тілділік мәселесін жете зерттеген ғалым Б. Хасанов қос тілділікті «тұрмыстық» және «көркем-әдеби» деп екіге бөле отырып, көркем-әдеби түрін қос тілдіктің ең жоғарғысына балайды. Олардың өзіндік ерекшеліктерін түсіну қиын емес. Көркем-әдеби қос тілділік адамдардың эмоциясы мен сезімін, тіл байлығын, рухани дүниесін дамытуға септігін тигізсе, тұрмыстық қос тілділік күнделікті қарым-қатынас жасауда іске асады. Мақалаға арқау болып отырған қос тілділіктің

бұл екі түрінің де қазақ қоғамы үшін маңызы мен рөлі өте зор. Қазақ тілі ғасырлар бойы басынан түрлі кезеңдерді өткізіп келе жатқан біздің ана сүтіндей қадірлі туған тіліміз болатын болса, мемлекеттік тілден кейінгі орында тұрған ресми тіл орыс тілінің де атқаратын қызметін жоққа шығаруға болмайды. Тілдің күрделі құбылыс екенін ежелден білген дана халқымыз оны ерекше бағалаған. Шешендік өнер, ертегілер, эпостар, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, айтыс өнері сөз тапқырлығы мен логикалық ойлауды дамытатын асыл қазынамыз екендігіне шүбә жоқ. Ұлттың ұлттығы мен жеке болмысы ең алдымен, оның осындай ерекшеліктерінен байқалады. Абай айтып кеткен «ғылым-білімнің тіліндегі» әлемдік ғылыми, әдеби, білімнің қазынасы саналатын философиялық еңбектер көбіне орыс тілінде жарық көрген. Мұндай дүниелер еліміз тәуелсіздік алғалы ақырындап орыс тілінен қазақ тіліне аударылып, халық игілігіне жарап жатыр.

Билингвизмнің орын алуы қоғамның әр түрлі салаларында өзекті мәселелерге айналып, түрлі қиындықтар тудырып жүргені шындық. Себебі мұндай мәселелерді ашып алмай, оны зерттеп, тиімді, шешуші жақтарын қарастырмай, ғылымда жаңалық ашу мүмкін емес. Әсіресе, бірінші кезекте Қазақстан білімі мен ғылымының даму жағдайында қазақ-орыс қос тілділігі кездесе ме, білімнің дамуына кедергі келтіре ме деген сауал тұрады. Елдің ертеңі – жастар арасында орыс тілін білмеушілік көптеп кездеседі. Олардың ішінде өте дарындылары кездесе де, өкінішке орай, әлемде өзіндік орны бар халықаралық тіл орыс тілінде еркін сөйлей алмайды. Бұған керісінше, қазақ тілінде еркін, жетік сөйлей алмайтын жастар да бар. Бұл трагедия десе де болады. Неге трагедия болмақ? Себебі, жаһанданған ақпараттар заманында барлық ғылыми, танымдық мәліметтерді тек орыс тілі арқылы оқып білеміз. Тіпті, жаһанданудан бұрын да солай болған. Ал қазақ тілінің қазақ жастары үшін орны бір бөлек екендігін кез келген жанның түсінері анық.

Тілдің дамуы қоғамның мәдениетпен түйінделетін қозғалысынан көрінеді. Сондықтан тілдің даму деңгейі, бұл – оның мәдени дамуының көрсеткіші.

Еліміз егемендік алғалы қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие. Десек те, Қазақстан үшін орыс тілі халықтың мәдени әрі рухани сауаттылығының негізгі көзі екенін жоққа шығаруға болмайды. Бұл – баршаға аян ақиқат. Рухани даму мен саяси-әлеуметтік маңызы зор орыс тілінің ел экономикасына тигізер орасан үлесін айтпағанның өзінде, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі Елбасы ұсынған «үш тіл тұғырының» ең басында тұруы қажет. Ең біріншіден, қазақ халқы рухани төл мұраларын санасында жаңғыртып, жас ұрпақтың ана тілінде сөйлеп, мәдениеті мен әдебиетін, салт-дәстүрін білуіне жол ашып, бағыт беруден жалықпауы керек. Төл мәдениетін білмей тұрып, өзге мәдениетті бағалау, түсіну қиынға соғады. «Тіл – ұлттың жаны. Тіл – идеяның, сезімнің, ойдың жанды көрінісі» [4, 67] – деген орыстың классик жазушысы Л. Толстойдың сөзі кез келген жанға ой салады. Екіншіден, адам туған тілдің мән-мағынасын түсінгеннен кейін ғана өзге тілдің қадірінің қаншалықты екенін сезінеді. Басқа тілді білу арқылы өзінің мәдениетін, дүниетанымын байытады. Тұла бойындағы руханилықты жоғалтпайды, қайта таным көкжиегін кеңейтіп, тұлға ретіндегі қасиеттерін дамытады. Қос тілділіктің астарында руханилықтың осындай қайнар көзі жатыр. Бүгінгі күннің талабы ағылшын тілін білуді қажет етеді. Тілдер тұғырлығы биіктеген сайын адамзаттың дүниетанымы, ақыл-ойы кеңейе береді. Ақпараттанған жаһандану заманында тарихи қалыптасқан, мемлекеттің мемлекеттігін құрайтын және өзіндік үлес қосатын қазақ-орыс қос тілділігі біздің елімізде мәдениетіміз бен тілдердің кең түрде дамуы үшін ел игілігіне жаратылуы тиіс. Бұл жағдай көп тілділікке ұласса, зиянын емес, қайта жаңа мүмкіншіліктерге жетуге септігін тигізері анық.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кассирер, Э. Философия символических форм. / Э. Кассирер. Философия символических форм. – Том 1. Язык. – М.; – СПб. – 2001. – С. 101-397.
2. Ержанова, Ұ. Р. Дүниетанымның тілдік қырлары / Ұ. Р. Ержанова // Образование и наука в современных условиях и развития Казахстана: опыт, проблемы и перспективы: Материалы междунар. науч.-практ. конф., посвященной 70-летию ЗКГУ: Изд-во ЗКГУ. – 2002. – С. 12-277.
3. Сабит, М. Философия языка и анализ языковой ситуации в Казахстане / М. Сабит // «Язык – духовная ценность» Сборник материалов респ. науч.-теор. конф., посвященной 80-летнему юбилею Каз. Нац. пед. ун-та им. Абая. – Алматы: «КИЕ» лингвострановедческий инновационный центр. – 2008. – С. 7-212.
4. Ақыл кені. Алматы: «Көшпенділер». – 2005. – Б. 67-244.